

## **Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2012 жылғы 1 маусымдағы ағымдағы жағдайы**

2012 жылғы 1 маусымда республикада 11 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. Мамыр айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

13 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 11 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2012 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 2 832,6 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен (оның ішінде қалыпты инвестициялық портфель бойынша – 2 798,7 млрд. теңге, консервативті инвестициялық портфель бойынша – 33,9 млрд. теңге) 8 242 838 (оның ішінде қалыпты инвестициялық портфель бойынша 8 008 371, консервативті инвестициялық портфель бойынша 234 467) болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны мамыр айында 9 697 (0,1%) азайды, сол кезде жинақталған зейнетақы қаражаты 25,9 млрд. теңгеге (0,9%-ға) ұлғайды.

2012 жылғы 1 маусымда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 3 қорда жинақталды: барлық қорлар салымшыларының жалпы санының «Қазақстан Халық Банкі» – 28,0%, «ГНПФ» – 23,0% және «Ұлар Үміт» – 18,1%.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2012 жылғы 1 маусымда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 38 029 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2012 жылғы мамыр айында 16 бірлікке (0,04%-ға) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2012 жылғы 1 маусымда жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 119,5 млн. теңгемен 4 112 болды.

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты**

2012 жылдың басынан бастап салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 186,8 млрд. теңгеге (7,0%-ға) ұлғайып, 2012 жылғы 1 маусымда 2 838,2 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсімі 2012 жылғы мамыр айында 43,3 млрд. теңгеге (2,0%-ға) ұлғайып, 2012 жылғы 1 маусымда 2 201,5 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыларды шегергенде) 2012 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 589,0 млрд. теңге болды. 2012 жылғы мамырда «таза» инвестициялық кіріс 9,4 млрд. теңгеге (1,6%-ға) азайды.

Салымшылардың (алушылардың) 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2012 жылғы 1


маусым аралығында жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

млрд. теңге

Күні	1.01.10	1.01.11	1.01.12	1.06.12	1.01.12 салыстырғандағы өсім	1.01.12 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 860,5	2 258,2	2 651,4	2 838,2	186,8	7,0
Зейнетақы жарналары	1 488,8	1 821,7	2 003,7	2 201,5	197,8	9,9
«Таза» инвестициялық кіріс	481,7	571,4	555,1	589,0	33,9	6,1
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	25,9	25,3	20,9	20,8	-	-0,1%-дық тармаққа

2012 жылғы 1 маусымда ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 4 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 938,1 млрд. теңге (33,1%), «ГНПФ» – 540,3 млрд. теңге (19,0%), «ҰларҮміт» – 383,9 млрд. теңге (13,5%) және «Грантум» - 268,3 млрд. теңге (9,5%) жиынтығында осы 4 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 75,1%-ы келді.

#### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарының уақтылы аударылмағаны, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың уақтылы жүзеге асырылмағаны және зейнетақы активтерінің тиісінше басқарылмағаны үшін өсімпұл сомасы 2012 жылғы мамырда 0,1 млрд. теңгеге (0,8%-ға) ұлғайып, 2012 жылғы 1 маусымда 12,9 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2012 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 276,8 млрд. теңге болды немесе 2012 жылғы мамыр айында 8,5 млрд. теңгеге (3,2%-ға) көбейген.

2012 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитеті шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 10,7 млрд. теңгеге 6 130 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитеті шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған

зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2012 жылғы 1 маусымда 43,5 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты уәкілетті органның сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2012 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару 1 664,8 млрд. теңгені құрады

### Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2012 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2012 жылғы мамыр айында 25,3 млрд. теңгеге немесе 0,9%-ға өсіп, 2 840,3 млрд. теңге болды.

2011 жылғы 1 маусымнан бастап 2012 жылғы 1 маусым аралығындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 34,8 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің таралуы

ЖЗҚ атауы	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
"Қазақстан Халық Банкі " АҚ ЕҰ, " Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ " АҚ	939 198	33,1
"ГНПФ" ЖЗҚ" АҚ	540 940	19,0
"ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ	383 789	13,5
" ГРАНТУМ ЖЗҚ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	268 826	9,5
"Астана" ЖЗҚ" АҚ	166 675	5,9
"Капитал" ЖЗҚ" АҚ - "Банк ЦентрКредит" АҚ ЕҰ	161 837	5,7
"МұнайГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	123 344	4,3
"Нұрбанк" АҚ ЕҰ "Атамекен" ЖЗҚ" АҚ	84 708	3,0
"Отан" АЖЗҚ" АҚ	79 244	2,8
"РЕСПУБЛИКА ЖЗҚ" АҚ	71 695	2,5
"Индустриалды Қазақстан" ЖЗҚ" АҚ	20 004	0,7
<b>Бүкіл ЖЗҚ бойынша барлығы</b>	<b>2 840 260</b>	<b>100</b>

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2012 жылғы мамыр айында 15,0 млрд. теңгеге немесе 0,5%-ға артып, 2012 жылғы 1 маусымда 2 777,6 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2012 жылғы 1 маусымда инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 51,4%-ын құрады, ол 1 428,9 млрд. теңгеге сәйкес. 2012 жылғы мамыр айында ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар көлемінің ұлғаюы ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде 38,7 млрд.теңгені құрайды.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 2012 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 26,1%-ын құрады, ол 724,5 млрд. теңгеге сәйкес. ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар көлемінің 2012 жылғы мамыр айында көбеюі ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде 7,6 млрд. теңгені құрайды.

### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.05.2012ж.		1.06.2012ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>1 390 186</b>	<b>50,3</b>	<b>1 428 874</b>	<b>51,4</b>
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 179 263	42,7	1 243 512	44,7
Ұлттық Банктің ноттары	205 380	7,4	179 798	6,5
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5 543	0,2	5 564	0,2
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>152 748</b>	<b>5,5</b>	<b>142 238</b>	<b>5,1</b>
акциялар	18 711	0,7	16 044	0,6
облигациялар	134 037	4,8	126 194	4,5
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>36 422</b>	<b>1,3</b>	<b>55 386</b>	<b>2,0</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>101 530</b>	<b>3,7</b>	<b>82 890</b>	<b>3,0</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>124 838</b>	<b>4,5</b>	<b>124 130</b>	<b>4,5</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>732 137</b>	<b>26,5</b>	<b>724 532</b>	<b>26,1</b>
акциялар	146 499	5,3	140 305	5,1
облигациялар,оның ішінде:	585 638	21,2	584 227	21,0
шетел валютасында номинирленген	32 906	1,2	40 390	1,4
теңгеге номинирленген	552 732	20,0	543 837	19,6
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>225 309</b>	<b>8,2</b>	<b>219 748</b>	<b>7,9</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>-525</b>	<b>0,0</b>	<b>-185</b>	<b>0,0</b>
<b>Итого</b>	<b>2 762 645</b>	<b>100</b>	<b>2 777 613</b>	<b>100</b>

Эмитенттер бағалы қағаздар шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі 2012 жылғы 1 маусымда зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 0,1%-ын құрады, бұл абсолютті мән бойынша 2,6 млрд. теңге болды

### Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2012 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенттері (K2) былай көрінеді:

	%		
	5 жылдық кезеңде	3 жылдық кезеңде	12 айда
Қалыпты инвестициялық портфель бойынша орташа алынған K2	26,70	15,71	1,86

Консервативті инвестициялық портфель бойынша орташа алынған К2	26,36	15,41	1,41
Инфляцияның жинақталған деңгейі	57,62	21,68	5,0

### Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың жиынтық капиталы 2012 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 88,2 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 51,4 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 58,2%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2012 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 97,9 млрд. теңге болды.

2012 жылғы қаңтар-мамыр айларында 5 қор («Атамекен», «Индустриалды Қазақстан», «Астана», «Отан» және «Республика») жалпы сомасы 5,7 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 7 қор жалпы сомасы 6,2 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2012 жылғы 1 маусымда 0,5 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2012 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 81,8 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 83,5% болды.

Қорлар меншікті активтері есебінен қаржы инвестицияларының негізгі үлесін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары инвестициялардың жалпы көлемінің 51,9%-ын құрады. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 18,3%, екінші деңгейдегі банктердегі салымдар инвестициялардың жалпы көлемінің 22,6%-ын құрады.

### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.01.11	1.01.12	1.06.12
ЖІӨ млрд.теңге	12 849,8	16 052,9	17 007,6	21 815,5	27 300,6*	31 297 *
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	9,4	8,8	10,9	10,4	9,7	9,1
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	7,1	7,4	8,8	8,4	7,3	7,0
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,6	1,9	2,8	2,6	2,0	1,9
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,2	0,3	0,4	0,4	0,3	0,3

\* - ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері